

TURKISTAN

## **Думан Рамазан: «Жошы ханның» жолы болды!**



**Маусымның 22-24 күндері аралығында қатарынан үш күн Астанада-ғы Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында «Жошы хан» спектаклінің тұсауқесері өтті. Алғашқы күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі барып көріп, оң бағасын берді. Біз осы орайда «Жошы хан» тарихи драмасының авторы, талантты жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Думан Рамазанға жолығып, пьесаның жазылуы мен сахналануы жайында аз-кем әңгімелескен едік.**

**- Думан Эмірғалиұлы, «Жошы хан» тарихи драмасын жазуыңызға не түрткі болды? Бұл өз қалауыңыз ба, жоқ әлде, тапсырыспен жазылды ма?**

– Мен тапсырыспен көркем шығарма жазбаймын. Өздеріңіз білесіздер, бұдан бұрын «Кенесары – Күнімжан», «Абылай ханның арманы», «Керей – Жәнібек» тарихи драмаларын жаздым. Олардың барлығы театр сахналарында қойылды. Енді осы хандар тақырыбын Жошы ханмен түйіндегім келді. Себебі Жошы хан жалпы қазақ хандарының тұп атасы, ұлы бабасы.

**- Жалпы, хандар тақырыбына қалай келдіңіз? Ең алдымен, осы жайында аз-кем айтып өтсөңіз?**

– Алдымен қазақ халқының тәуелсіздігі үшін алып империямен жан аяマイ алысып, сол қасиетті жолда ғазиз басын құрбан еткен ұлы Кенесары бабам туралы жаздым. Ұлы ханның асыл сүйегін іздедім. Рухын жоқтадым. Сол асқақ рухтың қайта оралуын аңсадым. Қазақ ұлтының асқақ рухы Кенесарымен бірге құрдымға кеткендей, жоғалғандай, өшкендей көрінетін. Үш ғасыр талмай жырлаған өтірік «достықты» быт-шыт қылғым келді. Қазақтың Ресейге өз еркімен қосылмағанын дәлелдегім келді. «Ұлы» халықтың қазақça жасаған

жауыздығын, озбырлығын, зұлымдығын, қиянат-қысастығын барынша ашып көрсеткім келді. Олардың қазаққа жаны ашыған жоқ, кең-байтақ жерін тартып алып, ұлт ретінде жойып жібергісі келді. Отарлауды шоқындырудан бастады. Кенесары көтерілісінен кейін отаршылдар қазақпен байқап сөйлесу керегін түсініп, бұндай ашық зорлық-зомбылықтан еріксіз бас тартты. Жымысқылық, аярлық әрекетке көшті. Бәрібір ойындағыларын толық жүзеге асыра алмады. Кенесары бабам тірі кезінде де, тіпті о дүниеге аттанып кеткеннен кейін де «ұлы» халыққа ойындағысын толық жүзеге асыруға жол бермеді. Дегенмен сол бір асқақ рух әлсіреп, білте шамдай сығырайып, сөнуге шақ қалды. Қазақтың Құдайы бар... Қолдады... Тәуелсіздік алдық... Құдайға тәуба! Исті неден бастау керек еді?.. Абдырап қалдық. Өйткені рухымыз әбден жаншылған, жанышталған, езілген. Кенесары бабамды іздеу, жоқтау, жазу сол үшін керек болды. Қазаққа ұлы ханның асқақ рухын оралтқымыз келді. Қайсарлықты, ерлікті, батырлықты дәріптегіміз келді. Сол себептен де Абылай хан, Керей мен Жәнібек хандар туралы жаздым. Енді міне соларды осы Жошы хан туралы шығармамен түйін-деп отырмыз. Жалпы алғанда хандар тақырыбын қазақ халқының тарихы туралы баян деп түсінген абзal.

**- Сөзіңіз аузыңызда, сіз жақында «қазақ хандығының тарихын Жошы ұлысынан бастау керек» деп, Президентке ашық хат жаздыңыз. Бұған қандай жауап алдыңыз?**

– Эзірше ресми жауап келген жоқ. Дегенмен өткенде Президент әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаева ханыммен Қаллеки театрында кездесіп, азырақ тілдесіп қалдым. «Тарихи драмаңыз жақсы шығыпты. Айтар ойы, сөздері қандай тамаша?! Біз келесі жылды Алтынорданың 800 жылдығын атап өтпекпіз. Бұл мәселені өзіңіз де көтеріп жүрсіз. Бәрін көріп-біліп, қадағалап отырмыз», – деді Аида Фалымқызы қолымды қысып тұрып. Шынында да, келесі жылды Жошы ханның таққа отырғанына 800 жыл толады. Бұны қазақ хандығының 800 жылдығы ретінде атап өткен жөн. Сонда әділеттілік орнайды. Себебі Жошы ұлысы –protoқазақ мемлекеті, бүгінгі Қазақстан. Оны құрған қазіргі қазақ құрамындағы ру-тайпалар. Біз солардың тікелей мұрагеріміз.



**- Спектакльге Президенттің өзі келіп, оң бағасын берді. Қандай сезімде болдыңыз?**

– Жазған шығарманы Мемлекет басшысының өзі келіп көріп, оң бағасын берсе, әрине, қуанасың ғой, әсерлендім. Мерейлендім. Ол үшін Президентімізге мың алғыс. Соңдай-ақ Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринге, Президент Экімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваға, Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловқа және басқа да мемлекет, мәдениет, өнер, әдебиет қайраткерлеріне айтар алғысым шексіз. Сонымен бірге жедел-қабыл хабар таратқан БАҚ өкілдеріне де ризашылығымызды білдіремін.

**- Спектакль үш күнде де аншлагпен өтті. Көрермендердің көңілінен шыққанын әлеуметтік желілердегі жазбалардан көріп-біліп отырмыз. Өз көңіліңізден шықты ма?**

– Әрине. Атақты режиссер Болат Ұзақов театр өнерінің майын қанып ішken майталман маман ғой! Шығармамызға жан бітірді, көрік кіргізді. Керемет қойды. Тіпті, көңілдегіден де асырып жіберді. Жазған шығарманың жақсы-жаман шығуы режиссердің таланты мен қарым-қабілетіне тікелей байланысты. Ол үшін Болат досқа алғыс айтамын. Өзіңіз айтпақшы, көрермендерге де ұнаған секілді. Жазған шығарманың дарынды режиссердің қолына түсі де бір бақыт қой! Бұл тұрғыдан алғанда, шығармамың жолы болды.

**- Шынында да, режиссер Болат Ұзақовпен мықты тандем бола білдіңіздер. Оны жүрттың бәрі айтып та жүр. Осының құпиясы неде?**

– Болат Ұзақовпен жұмыс істеу өзіме ұнайды. Жаны жайсан азамат. Мінезі көркем, сабырлы, салмақты. Білім-білігі мен тәжірибесі мол. Көп ізденеді. Тақырыпты терең игеруге тырысады. Шын жүйрік, хас талант. Бұдан бұрын да бірлесе жұмыс істегенбіз. «Кенесары – Құнімжан», «Абылай ханның арманы», «Керей – Жәнібек» тарихи драмаларымды да алғаш Бекеңнің өзі қойған. Ұрыс-керіс, кикілжің ешқашан болған емес. Бәрін келісіп істейміз. Біріміздің айтқанымызға екіншіміз құлақ аса бі-

леміз. Тұсінісе аламыз. «Келісіп пішken тон келте болмас» демекші, нені болсын ақылдасып-кеңесіп шешеміз. Ең бастысы осы. Жалпы, Бекең мықты режиссер ғой! Ұлтын сүйетін азамат. Ұлттық рухты жоғары көтерсек дейді. Сол бағытта тынбай еңбектеніп жүр. Осы қасиеті ерекше үнайды. Ұлтқа қызмет еткіміз келеді. Ұлттық дүниелерді көбірек қаузайтынымыз да сол. Бізді табыстырған да осындай рухани үндеңстік қой деп ойлаймын. Жазған шығарманы Бекеңдей аса дарынды режиссердің сахналауы да бір бақыт. Жетпей жатқан жерінді өзі-ақ түзеп-күзеп, жеткізіп жібереді. Осы тарихи драмамды сахналау барысында бір-ақ рет қана қарама-қайшы көзқараста болдық. Шығармам бойынша ең аяғында Шыңғыс хан жендеттерін жіберіп, Жошыны өлтіртеді. Яғни, трагедияға ұласып кетеді. Тарихи драмамдағы бүкіл интриганы соған құрып едім. Ал Бекең Жошыны өлтіргісі келмеді. Хан сайлануымен аяқтағысы келді. Осы арада көзқарасымызда сәл-пәл қиғаштық болды. Содан Бекең: «мен осылай қояйын, басқа режиссер басқаша қояр» деді. Сөзге тоқтайтын адаммын. Келістім. Көрдіңіздер, сәтті шықты. Көрермендер де жылы қабылдады. Ең бастысы да осы емес пе?!.

**- Артистердің ойынына көніліңіз толды ма? Өздері кейіптеген тарихи тұлғалардың көркем бейнелерін өз деңгейінде шығара алды ма? Сахнадагы Шыңғыс хан (Асылбек Қапаев пен Жанқалдыбек Төленбаев) мен Жошы ханға (Қайыржан Садықов) қандай баға бересіз?**

- Асылбек Қапаевтың Шыңғыс ханынан бәлендей олқылық байқамадым. Өте сәтті ойнап шықты. Жанқалдыбек Төленбаев та жақсы ойнады. Бөліп-жара алмаймын. Қайыржан Садықов Жошы ханның көркем бейнесін сәтті сомдады. Жас дарынның таудай талабы мен шеберлігіне риза болдым. Жошы сынды тарихи тұлғаның рөлін ойнау оңай емес. Әрине, әлі де ысылу, ширау, ширығу керек. Қайыржаннан болашақта мықты сахна саңлағы шығарына бек сенімдімін. Болашағы зор екен. Құлан қатынның, Бектомыштың, Шағатайдың, Үгедейдің, Төленің, Көкеш бақсының көркем бейнелері де сәтті шықты. Артистердің бәріне ризамын, алғысым шексіз. Жеке өзімнің ғана емес, қалың көрерменнің көнілінен шықты ғой деп ойлаймын. Жалпы, халық жылы қабылдады. Ең басты қуаныш та осы.

**- Әрине, Жошы хан туралы тарихи шығарма жазу оңай емес. Қандай тарихи еңбектерге сүйендиңіз?**

- Шыңғыс хан мен Жошы туралы жазбалардың бәрін сүзіп шықтым. Ғылыми еңбектер мен көркем шығармалардың барлығын оқыдым. Кинофильмдердің бәрін көрдім. Әрине, Шыңғыс хан туралы жазбалар өте көп, ал Жошы туралы дерек-дәйектер тым тапшы. Міне, осы жағынан сәл-пәл қындықтар туды. Оның үстіне бұрынғыларға еш үқсамайтын өз Шыңғыс ханым мен Жошы ханымды жасағым келді. Сондықтан да бұл шығармада айғай-сүреңге, атыс-шабысқа, соғысқа

мұлде жоламадым. Негізінен, Шыңғыс хан мен Жошының адами қадір-қасиеттерін, болмыс-бітімдерін, пенделік құпия-сырларын, көзқарас қайшылықтарын көбірек көрсетуге тырыстым. Кез келген туындыда кейіпкеріңің жан дүниесін қойма қопарғандай аша алсаң, ол міндетті түрде халықтың жанын тербел, жүргегіне жол табады.

**- Спектакльді көрдік. Шыңғыс ханды тым қатыгез, Жошыны тым мейірбан етіп жіберген жоқсыз ба? Жошы да көптеген елге шабуыл жасап, қалаларды қанды қырғынмен басып алып, халқын бүғаулаған баһадүр емес пе?**

– Соғыс шығынсыз болмайды. Жошының да қылышын қанға малғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ әр нәрсенің шегі болады. Шектен шықпауға тырысқан. Мәселен, Шыңғыс хан қарсылық көрсеткен қаланы жермен-жексен етіп, халқының бірін қалдырмай қырып салуға бүйірып отырған. Сонда басқа қалалардың халқы қорыққандарынан қарсылықсыз беріледі деген ойы болған. Қарсыласса аяушылық болмайтынын білсін, ұғынсын деген. Шынында да, осыдан кейін көптеген қалалардың халқы қорыққандарынан қақпаларын қарсылықсыз ашып отырған. Ал Жошы қару кезенгендерді ғана жазалап, қарапайым халыққа, бала-шағаға тиіспеуді дұрыс санаған. «Олардың не жазығы бар?» деп ара түскен. Яғни, бірін қалдырмай қыруға, бар нәрсені қиратып-бұлдіруге қарсы болған. Сол үшін әкесі Шыңғыстан талай мәрте сөз естіген. Бұл Жошының көркем бейнесін зорайту емес, шындық.

**- Шығармаңызда Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте ханым жоқ қой? Жошы, Шағатай, Үгедей, Төледей төрт ұлды дүниеге әкелген ана бейнесі неге көрсетілмеді?**

– Біз барынша жаттандылық пен бірізділіктен бойымызды аулақ салуға тырыстық. Пьесамыздың алғашқы нұсқасында Бөрте ханымның образы бар еді. Кейін ойланған келе мұлде алып тастадық. Ешкімді, ештеңені қайталағымыз келмедин. Оның орнына Құлан қатын мен Жошының бәйбішесі Бектомыш қатынды кіргіздік. Жалпы, қауым Құлан қатынды шет жағалап білер, ал Бектомышты біле қоймас. Атақты Қекеш бақсыны да кіргізгеніміз сондықтан. Мейлінше жаңаша жазуға, жаңалық жасауға тырыстық. Сонымызбен ұттық қой деп ойлаймын. Мәселен, «Кенесары – Құнімжан» тарихи драмамызда ханның жан жары – Құнімжанның бейнесін айшықтап жасадық. Яғни, Құнімжан анамызды жалғаның жарығына алып шықтық. Одан бұрын көп ешкім біле бермейтін. Осы спектакльді көрген адамдардың қыздарына Құнімжан деп есім қойғанын өз көзімізбен көрдік, талай мәрте естідік. Тіпті, біреуінің тұсауын өзім кестім.

**- Қойылымда Шыңғыс хан немересі Батуға Хорезм билеушісі Мұхаммедтің он екі жастағы немересін, Жалаладдиннің ұлын «ана аңды өлтір» деп бүйірық береді. Бату оның адам екенін айтқанымен, атасының қайрауымен тұра ұмтылады. Бірақ Жошы арашалап қа-**

## **лады. Бұл оқиға тарихта осылай болған ба?**

– Дәл осылай болмаған. Бірақ тарихи деректерде Шыңғыс ханның Батуды өз тәрбиесіне алғаны айтылады. Жошыны тым жұмсақ деп, оның ұлдарын өзі қатыгездікке тәрбиелеген деседі. Онсыз бір елді жаулау, билік құру қыын деп түсінген. Дегенмен Шыңғыс хан жендеттеріне Жалаладдиннің қолға түскен он екі жастағы ұлының жүргегін тірідей ойып алып, төбетіне тастау туралы бүйрық бергені тарихи жазбаларда айтылады. Ал Батудың кейін ержүрек қолбасшы атанып, дүниені дүр сілкіндіргенін өздерің де білесіңдер.

– Көптеген тарихшы Жошыны – моңғол дейді. Ол құрған ұлысты моңғол қағандығының құрамындағы ел ретінде қарастырады. Ал сіз оған басқаша көзқарастасыз. Осыны бірер сөзben түсіндіріп беріңізші.

– Эрине, бір қарағанда, солай көрінері рас. Бірақ ол шын мәнінде қазақ ұлысы, қазақ хандығы. Тіпті, Жошыны моңғол деп танығаның өзінде ол құрған ұлысты моңғол мемлекеті деп айта алмайсыз. Себебі оның құрамы негізінен қазақ ру-тайпаларынан жасақталды. Сондықтан Жошы құрған мемлекетті Қазақ елі, Қазақ хандығы деп атасақ, еш қателеспейміз. Ол бірте-бірте шын мәніндегі жеке мемлекетке айналды. Жошының балалары мен немерелері оны ешкімге жалтақтамай-ақ жекедара биледі. Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты. Өздеріңіз де білесіздер, Жошының ұрпақтары кейін қазақ болып, қазаққа сіңіп кетті. Ендеше, оларды қалайша моңғол дей аласыз?! Абылайды, Кенесарыны нағыз қазақ хандары, қазақ ерлері деп есептесек, олардың түп атасы, ұлы бабасы Жошыны қалай сыртқа тебесіз?! Қарапайым ғана қисын осы. Ал моңғолдардың Жошы мен оның тұқымын сыртқа тебетін жөні бар. Неге екені бәсенеден белгілі емес пе?! Соны түсінетін уақыт жетті ғой деп ойлаймын.

– «Жошы хан» тарихи драмаңызды қанша уақытта жазып біттіңіз?

**Басқаны қойыңызышы, өз шығармаңызға өзіңіздің көңіліңіз тола ма?**

– Эрине, жазу аса қынға соққан жоқ. Екі айда жазып шықтым. Бірақ, қалай және нені жазу керегін көп ойланым. Оқып-ізденуге де біршама уақыт кетті. Өздеріңіз де көріп-біліп отырған шығарсыздар, көпшіліктің ықылас-пейілі ғажап болды. Соған қарап жаман шығарма жазбаған шығармын деп ойладым. Эрине, ешуақытта тоқмейілсуге болмайды. Болдым-толдым дей алмаймын.

– Астана театрына ұлттық мәртебе берілді. Бұны қалай қабылдадыңыз?

– Қаллеки театрына ұлттық мәртебе берілуі «Жошы хан» тарихи драмамыздың тұсаукесерімен тұспа-тұс келуі қуантты. Бұл – тарихи оқиға. Үлкен қуаныш! Өте орынды. Қалибек Қуанышбаев театры бұл мәртебеге әбден лайық. Себебі өз басым Астана театрын еліміздің бас театры деп есептеймін. Мұнда аса дарынды, талантты сахна шеберлері көп. Жеткен жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Қаллеки театрының ұжымына, басшы-қосшыларына, артистерге, қоюшы режиссер

Болат Ұзақов мырзаға айтар алғысым шексіз! Алдағы уақыттағы еңбектеріне табыс пен женіс тілеймін! Еңбектері еленіп, әрдайым жүлдышдары жана берсін! Мәртебелері биіктеп, абыройлары асқақтай берсін!

**- Сіз осының алдында драматургиямен қоштасатыныңыз туралы мәлімдеме жасадыныңыз. Мынандай кезекті табыстан кейін, бәлкім, ойланған шығарсыз?**

– Еш ойланған жоқпын. Айтылған сөз – атылған оқ. Ер-азамат емеспін бе, сөзімді қайтып алмаймын. Кеше Болат Ұзақов та: «Олай кесіп-пішіп айтпасаңшы. Тағы бір дүниеге кірісейік» деп ұсыныс жасады. Рахмет айттым. Драматургиядан неге кеткім келетінін айттым, жаздым. Оны қайталап жатпай-ақ қояйын. Жаңым еркіндікті қалайды. Алла ешкімге күнімді түсірмесін деп тілеймін. Енді прозалық шығармалар жазамын. Ал проза адамға еркіндік сыйлайды. Жазасың. Жариялайсың. Жұртқа іркіліссіз, кедергісіз, бірден жетеді. Ешкімге телмендеп-жалтақтамайсың! Рахат! Драматургиядан кеткеніммен, бәрібір қолымнан қаламымды тастамаймын ғой.

**- Эңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан  
Бауыржан Бабажанұлы**